**2007 жылға арналған республикалық бюджеттік бағдарламалардың паспорттарын бекіту туралы (Қазақстан Республикасының Ақпараттандыру және байланыс агенттігі)**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2006 жылғы 15 желтоқсандағы N 1220 Қаулысы ( үзінді)

Қазақстан Республикасының 2004 жылғы 24 сәуірдегі Бюджет кодексіне сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ** :

1. Мыналардың: 407 , 408 , 409 , 410 , 411 , 412 , 413 , 414 , 415 , 416-қосымшаларға сәйкес Қазақстан Республикасы Ақпараттандыру және байланыс агенттігінің 2007 жылға арналған республикалық бюджеттік бағдарламаларының паспорттары бекітілсін.

2. Осы қаулы 2007 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі*

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 15 желтоқсандағы N 1220 қаулысына 407-ҚОСЫМША

603 - Қазақстан Республикасы Ақпараттандыру және байланыс агенттігі

Бюджеттік бағдарламаның әкімшісі

**2007 жылға арналған**
**"Ақпараттандыру және байланыс саласындағы уәкілетті органның қызметін қамтамасыз ету"**
**деген 001 республикалық бюджеттік бағдарламаның**
**ПАСПОРТЫ**

**1. Құны** : 569276 мың теңге (бес жүз алпыс тоғыз миллион екі жүз жетпіс алты мың теңге).

**2. Бюджеттік бағдарламаның нормативтік құқықтық негізі** : "Лицензиялау туралы" Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 17 сәуірдегі Заңының 9-бабы ; "Мемлекеттік қызмет туралы" Қазақстан Республикасының 1999 жылғы 23 шілдедегі Заңының 21-24-баптары ; " Ақпараттандыру туралы" Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 8 мамырдағы Заңының 5-бабы ; 2004 жылғы 5 шілдедегі "Байланыс туралы" Қазақстан

Республикасының Заңының 8-бабы ; Қазақстан Республикасы Президентінің "Қазақстан Республикасында "электрондық үкімет" қалыптастырудың 2005-2007 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы туралы" 2004 жылғы 10 қарашадағы Жарлығы ;»"Қазақстан Республикасының аумағында радиоэлектрондық құралдар мен жоғары жиілікті құрылғыларды сатып алудың ( сатудың), тіркеудің, жобалаудың, салудың (орнатудың), пайдаланудың және шетелден әкелудің ережесін бекіту туралы"»Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 6 қазандағы N 1293 қаулысы ; "Қазақстан Республикасының аумағында жұмыс істейтін радиосәуле шығаратын құралдардың деректерін есепке алудың бірыңғай жүйесін құру бағдарламасын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 26 қаңтардағы N 114 қаулысы ;»"Қазақстан Республикасы Ақпараттандыру және байланыс агенттігінің мәселелері туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 22 шілдедегі N 724 қаулысы .

**3. Бюджеттік бағдарламаны қаржыландыру көздері** : республикалық бюджеттің қаражаты .

**4. Бюджеттік бағдарламаның мақсаты** : Қазақстан Республикасында ақпараттандыру және байланыс салаларының кезеңмен дамуы және жетілдіруі.

**5. Бюджеттік бағдарламаның міндеттері** : халықаралық тәжірибені зерттеуге және халықаралық стандарттарды енгізуге негізделген байланыс және ақпараттандыру салаларының нормативтік құқықтық негізін жетілдіру;
өзінің қызметтік міндеттерін тиімді орындау және кәсіптік шеберлігін жетілдіру үшін қойылатын біліктілік талаптарға сәйкес кәсіптік қызмет саласында білім бағдарламалары бойынша теориялық және практикалық білімді, іскерлікті және кәсіби дағдыны шыңдауды жүзеге асыру.

**6. Бюджеттік бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары** :

| N р/с | Бағдарлама коды | Кіші бағдарлама коды | Бағдарламаның (кіші бағдарламаның) атауы | Бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар | Іске асыру мерзімі | Жауапты орындаушылар |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 |
| 1 | 001 | | Ақпараттандыру және байланыс саласындағы уәкілетті органның қызметін қамтамасыз ету | | | |
| | | | | Байланыс және ақпараттандыру саласының нормативтік-құқықтық негізін жетілдіру;<br>өз құзыреті шегінде қызмет түрлерін лицензиялау;<br>байланыс және ақпараттандыру саласындағы және радиожиілік өрісін пайдаланудағы жеке және заңды тұлғалардың қызметіне | | |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | мемлекеттік техникалық бақылау мен қадағалауды қамтамасыз ету; радиожиілік өрісінің мониторингінің толық түрде қызмет ететін жүйесінің құрылуы;<br><br>мемлекеттік органдардың ақпараттық-телекоммуникациялық ресурстардың мемлекеттік регистрін сүйемелдеу; ведомствоаралық ақпараттық жүйелердің қызметін техникалық қолдау; деректер беру желілеріне қол жеткізу жөніндегі және телефондық қызметтер үшін абоненттік және жалдық төлемдерді қамтитын ақпараттық-телекоммуникациялық жүйелерін сүйемелдеу; 2 тақырып бойынша нормативтік құқықтық құжаттар әзірлеу: 1) телекоммуникация желілерінің ортақ пайдаланудағы телекоммуникация желілеріне қосылу және Қазақстан Республикасының ортақ пайдаланудағы телекоммуникация желілерімен трафикті өткізуді реттеу мәселесі бойынша зерттеу жүргізу; 2) РЖС конверсиялауды жүргізудің нәтижелері бойынша халықаралық электробайланыс кеңесінің ұсыныстарға байланысты радиожиілік спектрді пайдаланудың гармонизациясы бойынша зерттеулер жүргізу. | | |
| 2 | | 001 | Орталық органның аппараты | | Жыл бойы | Қазақстан Республикасы Ақпараттандыру және байланыс агенттігі |
| 3 | | 002 | Аумақтық органдардың аппараттары | Байланыс және ақпараттандыру саласының нормативтік-құқықтық негізін жетілдіру; өз құзыреті шегінде қызмет түрлерін лицензиялау; байланыс және ақпараттандыру саласындағы және радиожиілік өрісін пайдаланудағы жеке және заңды тұлғалардың қызметіне мемлекеттік техникалық бақылау мен қадағалауды қамтамасыз ету; радиожиілік өрісінің мониторингінің толық түрде қызмет ететін жүйесінің құрылуы;<br><br>компьютерлік және ұйымдастыру | Жыл бойы | Қазақстан Республикасы Ақпараттандыру |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | техникасына техникалық қызмет көрсету; деректер беру желілеріне қол жеткізу жөніндегі және телефондық қызметтер үшін абоненттік және жалдық төлемдерді қамтитын ақпараттық-телекоммуникациялық жүйелерін сүйемелдеу. | | және байланыс агенттігі |
| 4 | | 007 | Мемлекеттік қызметшілердің біліктілігін арттыру | Мемлекеттік және ағылшын тілдерін оқыту жөніндегі қызметтерді сатып алу. | Ақпан-желтоқсан | Қазақстан Республикасы Ақпараттандыру және байланыс агенттігі |
| 5 | | 009 | Мемлекеттік органдарды материалдық-техникалық жарақтандыру | Алматы қаласы үшін стационарлық радиобақылау бекеттерін; Орал, Қызылорда, Павлодар, Тараз қалалары үшін 30 МГц-2 ГГц диапазондағы жылжымалы өлшеу-пеленгациялық кешендер; Ақтөбе, Ақтау, Петропавл, Талдықорған, Көкшетау, Жезқазған, Семей, Тараз қалалары үшін аз шулайтын күшейткіш; Ақтөбе, Ақтау, Петропавл, Талдықорған, Көкшетау, Жезқазған, Семей, Тараз қалалары үшін әртүрлі жиілілік диапазондарға бағытталған айықтырғыштар жинағын; Ақтөбе, Ақтау, Қарағанды, Петропавл, Тараз, Шымкент қалалары үшін көп функционалды тестілеу қабылдығышын (портативтік); Алматы, Талдықорған, Астана, Көкшетау, Атырау, Ақтау, Семей, Өскемен, Қарағанды, Жезқазған, Павлодар қалалары үшін аумақтық органдардың жабдықтарын Радиожиілік өрісінің мониторинг орталығының орталық серверімен түйістіру үшін жүйелік жабдықтар жинағын сатып алу. Орталық және аумақтық органдардың қызметін материалды-техникалық қамту. | Жыл бойы | Қазақстан Республикасы Ақпараттандыру және байланыс агенттігі |
| 6 | | 017 | Ақпараттық жүйелердің жұмыс істеуін қамтамасыз ету және | Ақпараттық жүйелерді техникалық, технологиялық және бағдарламалық қамтамасыз ету; | Жыл бойы | Қазақстан Республикасы Ақпараттандыру |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | мемлекеттік органдарды ақпараттық-техникалық қамтамасыз ету | интернетке кіру қызметтері; компьютерлік техниканы сатып алу. | | және байланыс агенттігі |

**7. Бюджеттік бағдарламаны орындаудан күтілетін нәтижелер** : Тікелей нәтиже: байланыс қызметі нарығының және ақпараттандыру саласының тиімді қызмет етуі үшін ақпараттық-коммуникациялық саласындағы мемлекеттік саясатты жүзеге асыру, байланыс операторларының қызметін реттеу және бақылау жүргізу, жеке және заңды тұлғалардың құқықтары мен заң мүдделерін, сонымен қатар мемлекеттің ұлттық мүдделерін қорғау; мемлекеттік тілге 99 адамды оқыту, ағылшын тіліне 20 адамды оқыту.

Түпкі нәтиже: Қазақстан Республикасы ақпараттық-коммуникациялық секторының тиімді қызмет етуін қамтамасыз ету.

Қаржы-экономикалық нәтиже: радиожиілік өрісін пайдаланғаны үшін мемлекеттік бюджетті түсімдермен толтыру.

Бір мемлекеттік қызметшіні мемлекеттік тілге оқытудың орташа шығыны - 12,5 мың теңге.

Бір мемлекеттік қызметшіні ағылшын тіліне оқытудың орташа шығыны - 20,6 мың теңге.

Уақтылығы: мемлекеттік органға жүктелген міндеттерді уақытылы орындау.

Сапасы: мемлекеттік тілге оқыту курсынан өткеннен кейін мемлекеттік тілде іс жүргізуге көшетін мемлекеттік қызметшілердің үлесі 60 пайызды құрайды; ағылшын тілге оқыту курсынан өткеннен кейін ағылшын тіліндегі құжаттармен жұмыс істейтін мемлекеттік қызметшілердің үлесі 30 пайызды құрайды; радиожиілік өрісінің және радиоэлектрондық құралдарды заңсыз қолданушыларды, лицензиялық заңды бұзуларды кесіп өту және оперативті ашу, байланыс саласының қызметі нарығының және ақпараттандыру саласының мемлекеттік реттеуін дамыту.

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2005 жылғы 15 желтоқсандағы
N 1220 қаулысына
408-ҚОСЫМША

603 - Қазақстан Республикасы Ақпараттандыру және байланыс агенттігі

Бюджеттік бағдарламаның әкімшісі

**2007 жылға арналған**
**"Ақпараттандыру және байланыс саласындағы қолданбалы ғылыми зерттеулер" деген 001 республикалық бюджеттік бағдарламаның**
**ПАСПОРТЫ**

1. **Құны** : 32500 мың теңге (отыз екі миллион бес жүз мың теңге).

2. **Бюджеттік бағдарламаның нормативтік құқықтық негізі** : "Байланыс туралы" Қазақстан Республикасының 2004 жылғы 5 шілдедегі Заңының 8-бабы ; Қазақстан Республикасы Президентінің "Қазақстан Республикасында "электрондық үкімет" қалыптастырудың 2005-2007 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы туралы" 2004 жылғы 10 қарашадағы N 1471 Жарлығы ; "Республикалық бюджет есебінен қаржыландырылатын қолданбалы ғылыми зерттеулер құру мен іске асырудың кейбір мәселелері" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 23 ақпандағы N 145 қаулысы ; "Қазақстан Республикасында телекоммуникация саласын дамытудың 2006-2008 жылдарға арналған бағдарламасын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2006 жылғы 7 маусымдағы N 519 қаулысы .

3. **Бюджеттік бағдарламаны қаржыландыру көздері** : республикалық бюджеттің қаражаты .

4. **Бюджеттік бағдарламаның мақсаты** : Қазақстанның бәсекелестік экономикасын одан әрі құрудың негізгі жағдайларының бірі ретінде инфо-коммуникациялық сектордың озық дамуын қамтамасыз ету, ақпараттандыру үрдістері мониторингінің ғылыми-әдістемелік базасын құру, оның ішінде Қазақстан халқының компьютерлік сауаттылығын және оның»"электрондық үкімет" қызметтерін пайдаланудың дайындығын жоғарылату.

5. **Бюджеттік бағдарламаның міндеттері** : транзиттік телекоммуникациялық мүмкіндіктерін дамыту және отандық байланыс операторларын шетел нарығына шығару ұсыныстарын әзірлеу және зерттеулер жүргізу; телекоммуникация саласының инновациялық-техникалық дамуына зерттеу жүргізу; радиожиілік спектрінің конверсия шығындарының технико-экономикалық негіздемесінің әдістемесін әзірлеу жөніндегі зерттеулер жүргізу; радиожиілік спектрінің конверсия бойынша шаралар жүргізуге кететін шығындарды өтеу жөніндегі әдістемеге зерттеулер жүргізу; әртүрлі мақсаттағы радиоэлектрондық құралдардың негізгі бағыттағы радиотолқындар жолақтарын пайдалануды анықтау үшін ғылыми-негізделген пікірлер жөнінде зерттеулер жүргізу; жиілік-аумақтық таратудың нормаларына және жиіліктің жалпы өрістерін азаматтық және әскери радиожүйелерімен бірлесе пайдалануының ғылыми-негізделген нормаларына зерттеулер жүргізу; халықтың компьютерлік сауаттылық индикаторларын анықтау және ақпараттандыру саласындағы тіркеу және баға беру жөніндегі статистикалық есеп беруді әзірлеу жөніндегі зерттеу жұмыстарын жүргізу; Қазақстанның ақпараттық қоғамға дайындығы ретінде Қазақстан Республикасы аймақтарының»электрондық үкіметке» дайындығының ғылыми негізделген зерттеу жұмыстарын жүргізу.

6. **Бюджеттік бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары** :

| N р/с | Бағдарлама коды | Кіші бағдарлама коды | Бағдарламаның (кіші бағдарламаның) атауы | Бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар | Іске асыру мерзімі | Жауапты орындаушылар |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 |
| 1 | 003 | | Ақпараттандыру және байланыс саласындағы қолданбалы ғылыми зерттеулер | 1. Ақпараттандыру және байланыс саласындағы 8 тақырып бойынша қолданбалы ғылыми зерттеулер жүргізу, оның ішінде: 1) транзиттік телекоммуникациялық мүмкіндіктерін дамыту және отандық байланыс операторларын шетел нарығына шығару ұсыныстарын әзірлеу және зерттеулер жүргізу; 2) телекоммуникация саласының инновациялық-техникалық дамуына зерттеу жүргізу; 3) радиожиілік спектрінің конверсиясы шығындарының техникалық-экономикалық негіздемесінің әдістемесін әзірлеу жөніндегі зерттеулер жүргізу; 4) радиожиілік спектрінің конверсиясы бойынша шаралар жүргізуге кететін шығындарды өтеу жөніндегі әдістемеге зерттеулер жүргізу; 5) әртүрлі мақсаттағы радиоэлектрондық құралдардың негізгі бағыттағы радиотолқындар жолақтарын пайдалануды анықтау үшін ғылыми-негізделген пікірлер жөніндегі зерттеулер жүргізу; 6) жиілік-аумақтық таратудың нормаларына және жиіліктің жалпы өрістерін азаматтық және әскери радиожүйелерімен бірлесе пайдалануының ғылыми-негізделген нормаларына зерттеулер жүргізу; 7) халықтың компьютерлік сауаттылық индикаторларын анықтау және ақпараттандыру саласындағы тіркеу және баға беру жөніндегі статистикалық есеп беруді әзірлеу жөніндегі зерттеу жұмыстарын жүргізу; 8) Қазақстанның ақпараттық қоғамға дайындығы ретінде Қазақстан Республикасы аймақтарының "электрондық | Жыл бойы | Қазақстан Республикасы Ақпараттандыру |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | үкіметке"»дайындығының ғылыми негізделген зерттеу жұмыстарын жүргізу. 2. Мемлекеттік ғылыми-техникалық экспертизаны іске асыру жөніндегі қызметтерін төлеу. | | және байланыс агенттігі |

**7. Бюджеттік бағдарламаны орындаудан күтілетін нәтижелер** : Тікелей нәтиже: барлығы 8 ғылыми-зерттеу есеп беру әзірленеді. Түпкі нәтиже: республикада ақпараттық-коммуникациялық саладағы нормативтік құқықтық базасын жетілдіруді қамтамасыз ету, ақпараттандыру үрдістерін, оның ішінде Қазақстан халқының компьютерлік сауаттылық деңгейін талдау және сапалы мониторинг жүргізу жүйесін құру. Қаржы-экономикалық нәтиже: қолданбалы ғылыми зерттеулердің 1 тақырып бойынша орташа құны 4062,5 мың теңгені құрайды. Уақтылығы: қаржыландыру жоспарына сәйкес - 100 пайыз. Сапасы: радиожиілік спектрін пайдаланудың және Қазақстан Республикасының транзиттік телекоммуникациялық мүмкіндіктерінің тиімділігі жоғарылайды; Қазақстан Республикасында ақпараттандыру үрдістерінің динамикасын тексеру мүмкіндіктері жоғарылайды және сонымен қатар, Агенттіктің басқару шешімдерін қабылдау үшін аналитикалық база жақсарады.

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2005 жылғы 15 желтоқсандағы
N 1220 қаулысына
409-ҚОСЫМША

603 - Қазақстан Республикасы Ақпараттандыру және байланыс агенттігі
Бюджеттік бағдарламаның әкімшісі

**2007 жылға арналған**
**"Байланыс пен хабар таратудың ұлттық спутниктік жүйесін дамыту" деген 004 республикалық бюджеттік бағдарламаның**
**ПАСПОРТЫ**

**1. Құны** : 8510000 мың теңге (сегіз миллиард бес жүз он миллион теңге). **2. Бюджеттік бағдарламаның нормативтік құқықтық негізі** : Қазақстан Республикасы Президентінің 2005 жылғы 25 қаңтардағы N 1513 "Қазақстан Республикасында 2005-2007 жылдарға арналған ғарыштық қызметті дамыту туралы" Жарлығы , Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 30 желтоқсандағы N 1355 » "Байланыс және хабар тарату ұлттық геостационарлық спутнигін жасау және ұшырудың кейбір

мәселелері" қаулысы.

**3. Бюджеттік бағдарламаны қаржыландыру көздері** : республикалық бюджеттің қаражаты.

**4. Бюджеттік бағдарламаның мақсаты** : Байланыс және телехабар тарату инфрақұрылымын жеделдете дамыту, қатынасу қиынға түсетін аудандарды байланыспен қамтамасыз ету, байланыс және телехабар таратудың халықаралық спутниктік жүйелерімен үйлесімділік, Қазақстан Республикасының жердегі инфрақұрылымымен келісе қызмет көрсету, спутниктік байланыстың жаңа технологияларын енгізу.

**5. Бюджеттік бағдарламаның міндеттері** :»"KazSat"-2 екінші ұлттық геостационарлық байланыс және хабар тарату спутнигін жасау.

**6. Бюджеттік бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары** :

| N р/с | Бағдарлама коды | Кіші бағдарлама коды | Бағдарламаның (кіші бағдарламаның) атауы | Бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар | Іске асыру мерзімі | Жауапты орындаушылар |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 |
| 1 | 004 | | Байланыс пен хабар таратудың ұлттық спутниктік жүйесін дамыту | "KazSat-2" байланыс және хабар тарату ұлттық геостационарлық спутнигін жасау және ұшыру бойынша жұмыстарды жүргізу үшін "Ғарыштық байланыс және радиоэлектрондық құралдардың электр магниттік үйлесімділігі республикалық орталығы" АҚ-ның жарғылық капиталын ұлғайту. | Қаңтар-желтоқсан | Қазақстан Республикасы Ақпараттандыру және байланыс агенттігі |

» **7. Бюджеттік бағдарламаны орындаудан күтілетін нәтижелер** : Тікелей нәтиже: жалпы көлемнен»"KazSat-2" байланыс және хабар тарату ұлттық геостационарлық екінші спутнигін құру және ұшыру жөніндегі жұмыстардың 50 пайыз орындалатын болады.

Түпкі нәтиже:»"KazSat-2"»байланыс және хабар тарату ұлттық геостационарлық екінші спутнигін құру және ұшыру жөніндегі жұмыстардың дайындығын жүргізу.

Қаржы-экономикалық нәтиже: жоба аяқталғаннан кейін байланыс және хабар тарату спутнигін пайдаланудың барлық мерзімінде бюджеттік тиімділік 125 пайыз құрайды, экономикалық тиімділігі 129 пайыз құрайды.

Уақтылығы: қаржыландыру жоспарымен сәйкес.

Сапасы: деректерді беру қызметтері тарифтерінің төмендеуі 5-10 пайыз, бүкілдүниежүзілік Интернет желісіне қол жеткізу мүмкіндігінің сапасын жақсарту, байланыстың жаңа түрлерін дамыту, телекоммуникациялық қызметтерді кеңейту.

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің

2005 жылғы 15 желтоқсандағы
N 1220 қаулысына
410-ҚОСЫМША
603 - Қазақстан Республикасы Ақпараттандыру және байланыс агенттігі
Бюджеттік бағдарламаның әкімшісі

**2007 жылға арналған**
**"Радиожиілік өрісінің және радиоэлектрондық құралдардың мониторинг жүйесін техникалық сүйемелдеу"**
**деген 006 республикалық бюджеттік бағдарламаның**
**ПАСПОРТЫ**

**1. Құны** : 121195 мың теңге (бір жүз жиырма бір миллион бір жүз тоқсан бес мың теңге).

**2. Бюджеттік бағдарламаның нормативтік құқықтық негізі:»** "Өлшеулердің біркелкілігін қамтамасыз ету туралы" Қазақстан Республикасының 2000 жылдың 7 маусымдағы Заңы ; "Байланыс туралы"»Қазақстан Республикасының 2004 жылдың 5 шілдедегі Заңы ;»"Байланыс және хабар тарату ұлттық геостационарлық спутнигін жасау және ұшырудың кейбір мәселелері" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылдың 30 желтоқсандағы N 1355 қаулысы .

**3. Бюджеттік бағдарламаны қаржыландыру көздері** : республикалық бюджеттің қаражаты.

**4. Бюджеттік бағдарламаның мақсаты** : радиожиілік спектрі мониторингі жүйесі қызметінің үзіліссіз жұмыс істеуін қамтамасыз ету.

**5. Бюджеттік бағдарламаның міндеттері** : радиобақылау және радиоөлшегіш жабдықтарын, арнайы көлік, сондай-ақ радиобақылау пункттілерін қамтамасыз ету.

**6. Бюджеттік бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары** :

| N р/с | Бағдарлама коды | Кіші бағдарлама коды | Бағдарламаның (кіші бағдарламаның) атауы | Бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар | Іске асыру мерзімі | Жауапты орындаушылар |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 |
| | | | | Радиожиілік спектрі мен радиоэлектрондық құралдардың мониторингі жүйесін техникалық қамтамасыз етуін жүргізу: тұрақты радиобақылау пункттілерінің (бұдан әрі - ТРБП) жайларын қорғау; ТРБП үшін жайларды жалға алу; арнайы көліктер үшін бокстарды жалға алу; азаматтық- құқықтық | | |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 006 | | Радиожиілік өрісінің және радиоэлектрондық құралдардың мониторинг жүйесін техникалық сүйемелдеу | жауапкершілікті сақтандыру; коммуналды қызметтерді төлеу; электрлік энергияны төлеу; жылуды төлеу; ЖМЗ, өзге шығын заттарын сатып алу; байланыс қызметтері; штаттан тыс қызметкерлерге төлеу; өлшеу құралдарын тексеруден өткізумен байланысты іссапарлық шығындарды төлеу; өлшеу құралдарын метрологиялық қамтамасыз ету - 30 бірлік; радиожиілік спектрімен радиоэлектрондық құралдардың мониторингі жүйесін қоғаммен инженерлік-техникалық қамтамасыз ету. | Жыл бойы | Қазақстан Республикасы Ақпараттандыру және байланыс агенттігі |

**7. Бюджеттік бағдарламаны орындаудан күтілетін нәтижелер** : Тікелей нәтиже: "Ғарыштық байланыс және радиоэлектрондық құралдардың электр магниттік үйлесімділігі республикалық орталығы" акционерлік қоғамымен 12 тұрақты радиобақылау пунктілерін (ТРБП) техникалық қамтамасыз ету; өлшеу құралдарын тексеруден өткізу және инженерлік-техникалық қамтамасыз ету.
Түпкі нәтиже: радиожиілік спектрі мен радиоэлектрондық құралдардың мониторингі жүйесі қызметінің нақтылы жұмыс істеуін қамтамасыз ету.
Қаржы-экономикалық нәтиже: 12 ТРБП қамтамасыз ету үшін кететін орташа шығын - 23 341 мың теңге, өлшеу құралдарын тексеруден өткізуге - 2 000 мың теңге, жылына мониторингтеу жүйесін инженерлік-техникалық қамтамасыз етуге - 95 854 мың теңге.
Уақтылығы: жасасқан шарттарға сәйкес.
Сапасы: радиожиілік спектрі мен радиоэлектрондық құралдардың мониторинг жүйесінің қызметін пайдаланушылардың жұмыс сапалығымен қанағаттандырылуы.

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2005 жылғы 15 желтоқсандағы
N 1220 қаулысына
411-ҚОСЫМША

603 - Қазақстан Республикасы Ақпараттандыру және байланыс агенттігі

Бюджеттік бағдарламаның әкімшісі

**2007 жылға арналған**
**"Ведомствоаралық ақпараттық жүйелердің жұмыс істеуін қамтамасыз ету" деген**

## 010 республикалық бюджеттік бағдарламаның ПАСПОРТЫ

**1. Құны** : 1731390 мың теңге (бір миллиард жеті жүз отыз бір миллион үш жүз тоқсан мың теңге).

Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 2007.11.06. N 1052 Қаулысымен.

**2. Бюджеттік бағдарламаның нормативтік құқықтық негізі** : "Электрондық құжат және электрондық цифрлық қолтаңба туралы" Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 7 қаңтардағы Заңының 5-бабы ; "Ақпараттандыру туралы"»2003 жылғы 8 мамырдағы Қазақстан Республикасы Заңының 5 , 7-баптары ; Қазақстан Республикасы Президентінің "Қазақстан Республикасында электрондық үкімет» қалыптастырудың 2005-2007 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы туралы" 2004 жылғы 10 карашадағы N 1471 Жарлығы ; Қазақстан Республикасы Үкіметінің»" Қазақстан Республикасының ақпараттандыру саласындағы ұлттық операторы туралы" 2004 жылғы 16 қаңтардағы N 44 қаулысы ; Қазақстан Республикасында "электрондық үкімет" қалыптастырудың 2005-2007 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспарын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 8 желтоқсандағы N 1286 қаулысы .

**3. Бюджеттік бағдарламаны қаржыландыру көздері** : республикалық бюджеттің қаражаты.

**4. Бюджеттік бағдарламаның мақсаты** : Қазақстан Республикасының»электрондық үкімет»ақпараттық инфрақұрылымының жұмыс істеуін қамтамасыз ету.

**5. Бюджеттік бағдарламаның міндеттері** : Қазақстан Республикасының ұлттық ақпараттық инфрақұрылымында біріктірілетін мемлекеттік ақпараттық жүйелерін сүйемелдеу және бағдарламалық-аппараттық құралдарына жүйелік-техникалық қызмет көрсету.

**6. Бюджеттік бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары** :

| N р/с | Бағдарлама коды | Кіші бағдарлама коды | Бағдарламаның (кіші бағдарламаның) атауы | Бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар | Іске асыру мерзімі | Жауапты орындаушылар |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 |
| | | | | 1. Электрондық»үкіметтің ақпараттық жүйелерін сүйемелдеу.<br>2. Жабдықтарға, жүйелер мен желілерге жүйелік-техникалық қызмет көрсету, соның ішінде алаңдарды жалға алу.<br>3. Сервер орталығының пайдаланушылық шығындары. | | |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 010 | | Ведомствоаралық ақпараттық жүйелердің жұмыс істеуін қамтамасыз ету | 4. Мемлекеттік органдарда АТ-бөлімшелерін құру. 5. Жабдықтарға техникалық және жүйелік қызмет көрсету. 6. Техникалық құралдарды сатып алу. 7. Лицензияланған бағдарламалық қамтамасыз етуді сатып алу. 8. Телекоммуникациялық қызметтерді сатып алу. | қаңтар-желтоқсан | Қазақстан Республикасы Ақпараттандыру және байланыс агенттігі |

**7. Бюджеттік бағдарламаны орындаудан күтілетін нәтижелер** : **»** Электрондық үкімет»шеңберінде құрылған ақпараттық жүйелердің, деректер қорының және ақпараттық ресурстардың үздіксіз жұмыс істеуін қамтамасыз ету; жабдықтардың, операциялық жүйелердің және деректер қорының жұмысқа қабілеттілігін қолдау және олардың кенеттен бұзылуын болдырмау; мемлекеттік органдардың Серверлік орталығының жұмыс істеуін қамтамасыз ету.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 15 желтоқсандағы N 1220 қаулысына 412-ҚОСЫМША

603 - Қазақстан Республикасы Ақпараттандыру және байланыс агенттігі

Бюджеттік бағдарламаның әкімшісі

**2007 жылға арналған**
**"Байланыс және хабар таратудың ғарыштық аппараттарын басқаруды қамтамасыз ету"**
**деген 012 республикалық бюджеттік бағдарламаның**
**ПАСПОРТЫ**

**1. Құны** : 729836 мың теңге (жеті жүз жиырма тоғыз миллион сегіз жүз отыз алты мың теңге).

**2. Бюджеттік бағдарламаның нормативтік құқықтық негізі** : Қазақстан Республикасының 2000 жылғы 18 желтоқсандағы "Сақтандыру қызметі туралы" Заңы ; Қазақстан Республикасы Президентінің 2005 жылғы 25 қаңтардағы N 1513 "Қазақстан Республикасында 2005-2007 жылдарға арналған ғарыштық қызметті дамыту туралы" Жарлығы , Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 30 желтоқсандағы N 1355» "Байланыс және хабар тарату ұлттық геостационарлық спутнигін жасау және ұшырудың кейбір мәселелері" туралы қаулысы .

**3. Бюджеттік бағдарламаны қаржыландыру көздері** : республикалық бюджеттің қаражаты.

**4. Бюджеттік бағдарламаның мақсаты** : байланыс және телехабар тарату ұлттық спутнигінің жұмыс істеуін қамтамасыз ету.

**5. Бюджеттік бағдарламаның міндеттері** : басқа елдермен - Халықаралық Электр байланыс Одағының мүшелерімен қазақстандық спутникке орбиталық позицияларды халықаралық үйлестіру бойынша жұмыстарды жүргізу; байланыс және хабар тарату ұлттық геостационарлық спутнигін, жердегі ғарыштық инфрақұрылымды сақтандыруды қамтамасыз ету, ғарыштық инфрақұрылымның жерден басқару кешенінің қызметін қамтамасыз ету.

**6. Бюджеттік бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары** :

| N p/c | Бағдарлама коды | Кіші бағдарлама коды | Бағдарламаның (кіші бағдарламаның) атауы | Бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар | Іске асыру мерзімі | Жауапты орындаушылар |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 |
| 1 | 012 | | Байланыс және хабар таратудың ғарыштық аппараттарын басқаруды қамтамасыз ету | Қазақстандық спутниктің орбиталық позицияларын үйлестіруді жүзеге асыру, байланыс және хабар тарату ұлттық геостационарлық спутнигін, жердегі ғарыштық инфрақұрылымды сақтандыру, ғарыштық қызмет нәтижесінде залал келтірген үшін азаматтық жауапкершілікті сақтандыру және "Метеостанция-2" мүліктік кешенін ұстау үшін " Ғарыштық байланыс радиоэлектрондық құралдардың электр магниттік үйлесімділігі республикалық орталығы" акционерлік қоғамына түрлі басқа ағымдағы трансферттерді аудару. | Жыл бойы | Қазақстан Республикасы Ақпараттандыру және байланыс агенттігі |

**7. Бюджеттік бағдарламаны орындаудан күтілетін нәтижелер** : Тікелей нәтиже:
1) талдау, жиілікті-орбиталық жоспарларды негіздеу және талдау, KAZSAT жүйесіне жиіліктер беруді халықаралық үйлестіру; Тапсырыс берушінің Байланыс әкімшісіне және тікелей Тапсырыс берушіге беру үшін жиіліктердің жоспарлы және жоспарланбаған жолақтарына халықаралық өтінімдік құжаттар жобаларын талдау, ресімдеу және әзірлеу, KAZSAT жүйесіне жиіліктер беруді халықаралық үйлестіруді жүргізу; Зерттеу комиссияларында жиіліктердің тиісті жолақтарын регламенттеу мәселелерін қарау кезінде ұсыныстарды негіздеу және жасау; үйлестіруді ақпараттық-аналитикалық қамтамасыз ету; жиіліктерді беру жүйесін халықаралық үйлестіру және тіркеу бойынша есептерді жүйелі негізде әзірлеу және ұсыну; арнаулы бағдарламалық қамтамасыз етуді жасау (түрлеу);
2) байланыс және хабар тарату ұлттық геостационарлық спутнигін, жердегі ғарыштық инфрақұрылымды сақтандыру, ғарыштық қызмет нәтижесінде залал келтірген үшін азаматтық жауапкершілікті сақтандыру;

3) "метеостанция - 2" мүліктік кешенінің ағымдағы ұсталуы. Түпкі нәтиже: байланыс және хабар тарату ұлттық спутниктік жүйесінің сенімді жұмыс істеуін қамтамасыз ету. Қаржылық-экономикалық нәтиже: мемлекеттік сатып алу үдерістерін қолданылып жүрген заңдарға сәйкес жүргізу. Уақтылығы: қаржыландырудың бекітілген жоспарына сәйкес. Сапасы: қазақстандық спутниктің меншікті орбиталық позицияларын халықаралық құқықтық қорғауды қамтамасыз ету, сақтандыру оқиғасы туындағанда қорғауды қамтамасыз ету, "Метеостанция-2" мүліктік кешенінің қалыпты жұмыс істеуін қамтамасыз ету.

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2005 жылғы 15 желтоқсандағы
N 1220 қаулысына
413-ҚОСЫМША

603 - Қазақстан Республикасы Ақпараттандыру және байланыс агенттігі

Бюджеттік бағдарламаның әкімшісі

**2007 жылға арналған**
**"Ауылдағы байланыс операторларының әмбебап байланыс қызметтерін ұсыну жөніндегі залалдарына өтемақы"**
**деген 017 республикалық бюджеттік бағдарламаның**
**ПАСПОРТЫ**

**1. Құны** : 3 623 633 мың теңге (үш миллиард алты жүз жиырма үш миллион алты жүз отыз үш мың теңге).

Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 2007.07.13. N 597 қаулысымен.

**2. Бюджеттік бағдарламаның нормативтік құқықтық негізі** : 2004 жылғы 5 шілдедегі "Байланыс туралы" Қазақстан Республикасының Заңының 34-бабы ; " Телекоммуникацияның әмбебап қызметтерінің тізбесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 19 тамыздағы N 866 қаулысы ; "Халыққа телекоммуникацияның әмбебап қызметтерін көрсететін байланыс операторларының шығындарын өтеу үшін телекоммуникацияның әмбебап қызметтерінің құнын субсидиялау ережесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 7 қазандағы N 1039 қаулысы .

**3. Бюджеттік бағдарламаны қаржыландыру көздері** : республикалық бюджеттің қаражаты.

**4. Бюджеттік бағдарламаның мақсаты** : ауылдық елді мекендерде

телекоммуникацияның әмбебап қызметтеріне және ақпараттық ресурстарға халықтың қол жетімділігін қамтамасыз ету.

**5. Бюджеттік бағдарламаның міндеттері** : ауылдық елді мекендерде қызмет көрсететін байланыс операторларының шығынсыз жұмыс істеуін қамтамасыз ету, оның ішінде ауылдық елді мекендерді 2007 жылы телефондандыру бойынша.

**6. Бюджеттік бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары** :

| N р/с | Бағдарлама коды | Кіші бағдарлама коды | Бағдарламаның (кіші бағдарламаның) атауы | Бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар | Іске асыру мерзімі | Жауапты орындаушылар |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 |
| 1 | 017 | | Ауылдағы байланыс операторларының әмбебап байланыс қызметтерін ұсыну жөніндегі залалдарына өтемақы | Субсидиялау ережесіне сәйкес ауыл халқына телекоммуникацияның әмбебап қызметтерін ұсыну бойынша ауылдық байланыс операторларының залалдарына өтемақы. | Жыл бойы | Қазақстан Республикасы Ақпараттандыру және байланыс агенттігі |

**7. Бюджеттік бағдарламаны орындаудан күтілетін нәтижелер** : Тікелей нәтиже: телекоммуникацияның әмбебап қызметтерін көрсетуші ауылдық байланыс операторлары шығындарының өтемақысы 3623633 мың теңге көлемінде. Түпкі нәтиже: жалпы 70-80 пайыз ауылдық елді мекендерден 7 660 телефондандырылған ауылдық елді мекендерде (саны 50 адам және одан жоғары) телекоммуникацияның әмбебап қызметтеріне халықтың үздіксіз қолжетімділігін қамтамасыз ету.
Қаржылық-экономикалық нәтиже: ауылдық 1 абонентке шаққанда шығатын шығын есебінен төленген субсидияның көлемі жылына 5928 теңге. Уақтылығы: жасасқан шарттарға сәйкес уақытылы субсидияларды төлеу. Сапасы: телекоммуникацияның әмбебап қызмет көрсету сапасымен ауылдық абоненттердің қанағаттануы.

Ескерту. 7-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2007.07.13. N 597 қаулысымен.

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2005 жылғы 15 желтоқсандағы
N 1220 қаулысына
414-ҚОСЫМША

603 - Қазақстан Республикасы Ақпараттандыру және байланыс агенттігі

Бюджеттік бағдарламаның әкімшісі

**2007 жылға арналған**
**"Облыстық бюджеттерге, Астана және Алматы қалаларының бюджеттеріне қалалық телекоммуникациялық желілердің абоненттері болып табылатын, әлеуметтік қорғалатын азаматтарға телефон үшін абоненттік төлем тарифтерінің көтерілуін өтеуге берілетін ағымдағы нысаналы трансферттер"**
**деген 018 республикалық бюджеттік бағдарламаның**
**ПАСПОРТЫ**

**1. Құны** : 29 673 мың теңге (жиырма тоғыз миллион алты жүз жетпіс үш мың теңге).

Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 2007.07.13. N 597 қаулысымен.

**2. Бюджеттік бағдарламаның нормативтік құқықтық негізі:»** "Тұрғын үй қатынастары туралы" Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 16 сәуірдегі Заңының 97-бабы ;»"Байланыс туралы" Қазақстан Республикасының 2004 жылғы 5 шілдедегі Заңының 34-бабы ; "Телекоммуникацияның әмбебап қызметтерінің тарифтерін ребалансталу жоспарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 21 тамыздағы N 884 қаулысы ;«"Телекоммуникацияның қалалық желілерінің абоненттері болып табылатын әлеуметтік қорғалатын азаматтарға телефон үшін төлем тарифтерін өтеу ережесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 9 қыркүйектегі N 949 қаулысы .

**3. Бюджеттік бағдарламаны қаржыландыру көздері** : республикалық бюджеттің қаражаты.

**4. Бюджеттік бағдарламаның мақсаты** : телекоммуникация қызметтерінің тарифтерін жоғарылату жағдайында телекоммуникациялық қалалық желілерінің абоненттері болып табылатын аз қамтылған азаматтарды әлеуметтік қорғау.

**5 . Бюджеттік бағдарламаның міндеттері** : қалалық телекоммуникация желілерінің абоненті болып табылатын әлеуметтік жағынан қорғалатын азаматтарға телефон үшін абоненттік төлем тарифтерінің жоғарылауын өтеу ережесіне сәйкес осы қызметтерге тарифтер жоғарылаған жағдайда әлеуметтік жағынан қорғалатын азаматтарға телекоммуникация қызметтерінің төлемақысын өтеуге төлемдерді қамтамасыз ету.

**6. Бюджеттік бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары** :

| N р/с | Бағдарлама коды | Кіші бағдарлама коды | Бағдарламаның (кіші бағдарламаның) атауы | Бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар | Іске асыру мерзімі | Жауапты орындаушылар |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 018 | | Облыстық бюджеттерге , Астана және Алматы қалаларының бюджеттеріне қалалық телекоммуникациялық желілердің абоненттері болып табылатын, әлеуметтік қорғалатын азаматтарға телефон үшін абоненттік төлем тарифтерінің көтерілуін өтеуге берілетін ағымдағы нысаналы трансферттер | Облыстық бюджеттерге, Астана және Алматы қалаларының бюджеттеріне қалалық телекоммуникациялық желілерінің абоненттері болып табылатын әлеуметтік жағынан қорғалатын азаматтарға тоқсан сайын әкімшіліктердің тапсырыстар ұсынуы бойынша тұрғын үй жәрдемақысы тетігі арқылы телефон үшін абоненттік төлем тарифінің көтерілуін өтеуге арналған мақсатты ағымды трансферттер аудару. | Жыл бойы | Қазақстан Республикасы Ақпараттандыру және байланыс агенттігі, Облыстық және Астана, Алматы қалаларының әкімдері |

**7. Бюджеттік бағдарламаны орындаудан күтілетін нәтижелер** : Тікелей нәтиже: 33 840 телекоммуникациялық қалалық желілерінің абоненттері болып табылатын әлеуметтік қорғалатын азаматтарға компенсация төлеуді қамтамасыз ету.
Түпкі нәтиже: тұрғын үй қатынастары саласында Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес тұрмысы төмен азаматтарды әлеуметтік қорғауын қажетті деңгейде ұстау.
Қаржы-экономикалық нәтиже: қалалық телекоммуникация желілерінің әлеуметтік қорғалатын 1 абонентіне шаққанда шығатын шығын - айына 69 теңге және соған сәйкес, жылына 828 теңге.
Уақтылығы: қаржыландыру жоспарына сәйкес мақсатты ағымды трансферттер аудару.
Сапасы: абоненттік төлемдерге тарифті көтеру бөлімінде қалалық телекоммуникациялық желілердің абоненттері болып табылатын әлеуметтік қорғалған азаматтардың қажеттілігін қанағаттандыру.

Ескерту. 7-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2007.07.13. N 597 қаулысымен.

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2005 жылғы 15 желтоқсандағы
N 1220 қаулысына
415-ҚОСЫМША

603 - Қазақстан Республикасы Ақпараттандыру және байланыс агенттігі
Бюджеттік бағдарламаның әкімшісі

**2007 жылға арналған**
**"Электрондық үкімет құру"**
**деген 112 республикалық бюджеттік бағдарламаның**
**ПАСПОРТЫ**

**1. Құны** : 2831158 мың теңге (екі миллиард сегіз жүз отыз бір миллион бір жүз елу сегіз мың теңге).

Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 2007.11.06. N 1052 Қаулысымен.

**2. Бюджеттік бағдарламаның нормативтік құқықтық негізі** : "Электрондық құжат және электрондық цифрлық қолтаңба туралы" Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 7 қаңтардағы Заңының 5-бабы ; "Ақпараттандыру туралы" Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 8 мамырдағы Заңының 5-бабы ; Қазақстан Республикасы Президентінің "Қазақстан Республикасы Президентінің "Қазақстан Республикасында "электрондық үкімет"»қалыптастырудың 2005-2007 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы туралы" 2004 жылғы 10 қарашадағы N 1471 Жарлығы ; Қазақстан Республикасы Үкіметінің»"Қазақстан Республикасының Ұлттық тізілімдерін жасау мақсатында Жеке (заңды) тұлғаның бірыңғай нөміріне (сәйкестенгізу нөміріне (бизнес сәйкестенгізу нөміріне) көшу бағдарламасын бекіту туралы"»2003 жылғы 11 маусымдағы N 565 қаулысы ; " Қазақстан Республикасында "электрондық үкімет" қалыптастырудың 2005-2007 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 8 желтоқсандағы N 1286 қаулысы .

**3. Бюджеттік бағдарламаны қаржыландыру көздері** : республикалық бюджеттің қаражаты.

**4. Бюджеттік бағдарламаның мақсаты** : мемлекеттік электрондық қызметтерге халықтың жылдам және сапалы қолжетімділігін қамтамасыз ету.

**5. Бюджеттік бағдарламаның міндеттері** : е-үкімет инфрақұрылымының базалық құрамдас бөліктерін қалыптастыру және мемлекеттік органдардың ақпараттық инфрақұрылымын оңтайландыру;
"электрондық үкіметтің" қызметтеріне қолжетімділікті қалыптастыру және қамтамасыз ету;
қазіргі заманғы ақпаратты-коммуникациялық технологияларды пайдалана отырып азаматтарға жаппай тиімді ақпараттық қызмет көрсетуді ұйымдастыру;
"электрондық үкімет" инфрақұрылымын ақпараттық қауіпсіздігін қамтамасыз ету;
деректерді беру ашық желісі арқылы қорғалған электрондық төлемдерді жүзеге асыру мүмкіндігімен әртүрлі банкалық төлем жүйелеріне мемлекеттік электрондық қызметтерді пайдаланушылардың бірыңғайландырылған қолжетімділігінің тетігін құру ;
жағымды ұстанымдылықтың әйгіленуін және барлық мемлекеттік электрондық қызметтерін пайдалану мүмкіндігін қамтамасыз ету.

**6. Бюджеттік бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары** :

| N р/с | Бағдарлама коды | Кіші бағдарлама коды | Бағдарламаның (кіші бағдарламаның) атауы | Бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар | Іске асыру мерзімі | Жауапты орындаушылар |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 |
| 1 | 112 | | Электрондық үкімет құру | | | |
| 2 | 100 | | Мемлекеттік дерекқор құру | 1. "Жеке тұлғалар", "Заңды тұлғалар", "Адрестік тіркелім" және "Жылжымайтын мүлік тіркелімі" МДҚ жобаларды басқару, әзірлеу, дамыту және ендіру бойынша қызметтерді сатып алу.<br>2. (алынып тасталды - 2007.11.06. N 1052)<br>3. Техникалық құралдарды сатып алу.<br>4. Лицензиялық бағдарламалық қамтамасыз етуді сатып алу. | Жыл бойы | Қазақстан Республикасы Ақпараттандыру және байланыс агенттігі |
| 3 | | 101 | Мемлекеттік органдардың бірыңғай электронды құжат айналымы жүйесін құру | 1. ЭҚАБЖ бағдарламалық платформаны дамыту бойынша талдаулық жұмыстар.<br>2. Жеке және заңды тұлғалардың, МО ЭЦҚ қолданумен ЭҚАБЖ тәжірибелік пайдалану нәтижелерінің талдауы және электрондық мұрағаттар, жеке және заңды тұлғалардың және мемлекеттік органдардың электрондық құжат айналымының жүйесінде ЭЦҚ қолдану бөлігінде стандарттарды бекіту.<br>3. Жүйенің өндірімділігін оның ішінде есеп берудің механизмдерін қалыптастыруды оңтайландыру үшін IBM Content Manager шешімін қолданумен ЭҚАБЖ БҚ жетілдіру.<br>4. Қазақстан Республикасының Ұлттық мұрағатында бейімделген СЭА БҚ жетілдіру.<br>5. Мемлекеттік органдардың арасында ведомстволық электрондық құжат айналымы үшін электрондық құжаттардың бірыңғай форматтарын пайдалану мүмкіншілігін қамтамасыз ету мақсатында лицензияланған БҚ мемлекеттік | Жыл бойы | Қазақстан Республикасы Ақпараттандыру |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 5 | | | | органдарды орталықтандырылған қамтамасыз етуінің тұжырымдамасын және жүйесін әзірлеу.<br>6. ЭҚАБЖ "Cusloner Relationship Managment" (CRM) жүйесіне тұжырымдамасын және техникалық тапсырмасын әзірлеу.<br>7. Мемлекеттік органдардың ЭҚАБЖ жұмыс істеуін қамтамасыз етуінің жобасын басқару.<br>8. Мемлекеттік органдардың ЭҚАБЖ жұмыс істеуін қамтамасыз етуі бойынша консалтингтік қызметтер. | | және байланыс агенттігі |
| 4 | | 102 | Мемлекеттік органдардың ақпараттық инфрақұрылымын құру | 1. Қазақстан Республикасының»" электрондық үкімет"» веб-порталы мен шлюзін дамыту жөніндегі жұмыстарды жүргізу.<br>2. МО куәландырушы орталығын құрудың жобасын басқару.<br>3. Рұқсат етілетін құжаттардың ( лицензиялау) есеп жүргізуінің саласында АБА АЖ құрудың жобасын басқару, ендіру және дамыту, техникалық тапсырманы және техно-жұмыстық жобаны жетілдіру.<br>4. МО Серверлік орталығының дизелдік станцияға қарастысының ғимараты Құрылысының жобасы бойынша дизель-генераторларды монтаждауды жүргізу үшін техникалық құжаттаманы сатып алу.<br>5. Техникалық құралдарды сатып алу.<br>6. Лицензиялық бағдарламалық қамтамасыз етуді сатып алу.<br>7. Негізгі ақпараттарды алып жүрушілерін сатып алу (Пикард). | Жыл бойы | Қазақстан Республикасы Ақпараттандыру және байланыс агенттігі |
| 5 | | 104 | "Электрондық үкіметтің" құзырет орталығын құру | 1. Қазақстан Республикасында ақпараттандыруды дамытудың болашағы мен ахуалының мониторингі.<br>2. "Электрондық үкіметті" қоғамдық қолдауды қамтамасыз ету және білгірлігін жоғарылату.<br><br>3. Адамзат әлеуетін жоғарылату және дағдыларды дамыту. | Жыл бойы | Қазақстан Республикасы Ақпараттандыру |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | 4. Ақпаратты-коммуникациялық технологиялардың нарығын маркетингтік зерттеу.<br>5. Жобаны басқару. | | және байланыс агенттігі |
| 6 | | 105 | Қол жеткізудің және халықты электрондық үкіметпен өзара іс-қимыл жасау негіздеріне оқытудың жалпыға ортақ желілерін құру | 1. Жобаларды басқару.<br>2. Жобаның аудиті.<br>3. Техникалық құралдарды сатып алу.<br>4. Лицензиялық бағдарламалық қамтамасыз етуді сатып алу.<br>5. Санайтын құрылғыларды сатып алу (мультикартридер). | Жыл бойы | Қазақстан Республикасы Ақпараттандыру және байланыс агенттігі |
| 7 | | 106 | "Goverment to Goverment", " Goverment" to Consumer" қызметтерін көрсететін кешенді жүйе құру | 1.«Интранет-порталдың»2-ші кезеңін іске асыру:<br>1) техникалық тапсырманы жетілдіру;<br>2) техно-жұмыстық жобаны әзірлеу;<br>3) Интранет-порталды дамыту ( тәжірибелік пайдалануды, әкімшілендіру жүйесін оқытуды, іске қосу-жөндеу жұмыстарын, пайдалануды енгізу);<br>4) (алынып тасталды - 2007.11.06 . N 1052)<br>5) жобаларды басқару;<br>6) әкімгерлерді және жүйелерді пайдаланушыларды оқыту.<br>2. Техникалық құралдарды сатып алу.<br>3. Лицензиялық бағдарламалық қамтамасыз етуді сатып алу. | Жыл бойы | Қазақстан Республикасы Ақпараттандыру және байланыс агенттігі |
| 8 | | 108 | Қазақстан Республикасы ұлттық біріздендіру жүйесінің ашық кілттер инфрақұрылымын жасау | 1. Ұлттық куәландырушы орталығының Web-сайтын әзірлеу (ҰКО).<br>2. Қазақстан Республикасының ұлттық идентификациялық жүйесінің ашық кілттер инфрақұрылымын құрудың жобаларын басқару, ендіру және дамыту.<br>3. Байланыс қызметтерінің төлем ақысы.<br>4. Техникалық құралдарды сатып алу.<br>5. Лицензиялық бағдарламалық қамтамасыз етуді сатып алу. | Жыл бойы | Қазақстан Республикасы Ақпараттандыру және байланыс агенттігі |
| | | | "Электрондық үкіметтің" | 1. Техникалық тапсырманы және техно-жұмыстық жобаны құру " электрондық үкіметтің"» ақпараттық қауіпсіздігін қамтамасыз ету жүйесін құру. | | Қазақстан Республикасы |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 9 | | 109 | инфрақұрылымын қорғау жүйесін құру | 2. Жобаны басқару. 3. Техникалық құралдарды сатып алу. 4. Лицензиялық бағдарламалық қамтамасыз етуді сатып алу. | Жыл бойы | Ақпараттандыру және байланыс агенттігі |
| 10 | | 110 | "Мемлекеттік қызметтер тізілімі" ақпараттық жүйесін құру | 1. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің ақпараттық жүйелері базасында электрондық қызметтерді іске асыру жөніндегі консалтингтік қызметтер. 2. Жобаларды басқару, фирмалық стилді және электрондық үкіметтің ұстанымдануын әзірлеу, электрондық үкіметтің танымалдығын арттыру және "электрондық үкіметтің» брэндін әзірлеу" жобасы бойынша сәйкес іс-шараларды жүргізу үшін медиа-жоспарды әзірлеу. | Жыл бойы | Қазақстан Республикасы Ақпараттандыру және байланыс агенттігі |
| 11 | | 110 | "Электрондық үкіметтің төлем шлюзі" автоматтандырылған жүйесін құру | 1. Жоба алдындағы жұмыстарды жүргізу, техникалық тапсырманы әзірлеу, ақылы-ақпараттық түптұлғасының шлюзін және жобаларды басқаруды әзірлеу және ендіру»"Электрондық үкімет" ақылы шлюзінің» автоматтандырылған жүйесін құру. 2. (алынып тасталды - 2007.11.06. N 1052). 3. Техникалық құралдарды сатып алу. 4. (алынып тасталды - 2007.11.06. N 1052). | Жыл бойы | Қазақстан Республикасы Ақпараттандыру және байланыс агенттігі |

**7. Бюджеттік бағдарламаны орындаудан күтілетін нәтижелер** : мекен-жайын өзгерткен, жеке басын куәландыратын құжатты ауыстырған, азаматтық хал актілерін тіркеу кезінде тіркеу рәсімдерін оңайлату; мемлекеттік билік органдарына жүгінген кезінде уақытты қысқарту есебінен халыққа ақпараттық қызмет көрсетуді жақсарту; "Жеке тұлғалар" мемлекеттік деректер қорында жеке сәйкестендірілген нөмірі бар 12500000 кем емес азаматтардың бар болуы;
заңды тұлғалар туралы жаңа және шынайы мәліметтерді беретін және сақтайтын орталықтандырған деректер қорын құру;

бірлескен кәсіпкерлік нысанында заңды тұлғалар, филиалдар, жеке кәсіпкерліктің өкілдігі үшін 35000 бизнес-сәйкестендірілген нөмірлерді беру;
аймақтық орналасуындағы шектеусіз накты ауқым уақытында жобаға мемлекеттік органдардың-қатысушылары үшін қолжетімді жаңаланған адрестік ақпараттардың бар болуы;
жылжымайтын мүлік және оған құқықтары туралы орталықтандырылған деректер қорын қалыптастыру;
жылжымайтын мүлік объектілерін және оған құқықтарын тіркеу кезінде еңбек шығынын қысқарту және ақпараттық қызмет көрсетуді жақсарту;
толық электрондық құжат айналымына Астана қаласында орналасқан орталық мемлекеттік органдардың көшуі;
ЭҚАБЖ-мен біріктірілген Ұлттық мұрағат үшін ақпараттық жүйелерді тәжірибелік пайдалануға енгізу;
"электрондық үкімет" веб-порталы арқылы мемлекеттік органдардың электрондық қызметтеріне қол жеткізудің бірыңғай нүктесін қамтамасыз ету;
электрондық цифрлық қолтаңба құралдарын ЭҚАБЖ-не қатысушы-мемлекеттік органдарға, сондай-ақ екі облыстық, екі қалалық және екі аудандық әкімдіктерге беру;
телекоммуникациялар саласында лицензияларды және рұқсат етілетін құжаттарды беру жөніндегі мемлекеттік қызметтерді көрсету уақытын 30 пайызға қысқарту;
"электрондық үкіметті" қоғамдық қолдауын қамтамасыз ету және сауаттылығын жоғарылату;
ақпаратты-коммуникациялық технологиялар арқылы мемлекеттік және өзге де әлеуметті-маңызды ақпараттық ресурстарға азаматтардың еркін қол жеткізуге құқықтарын қамтамасыз ету;
Қазақстан Республикасы Үкіметінің қызметі туралы ақпараттарға халықтың қол жеткізуін қамтамасыз ету;
Пилоттық аумақтағы Қазақстанның жеке және заңды тұлғалары үшін электрондық цифрлық қолтаңбаның және сенімді аутентификациялаудың құралдарын ұсыну (18 ірі қалаларда);
е-үкімет ақпараттық инфрақұрылымының ақпараттық қауіпсіздігіне қауіпті болдырмау және болжау, анықтау, ескерту мүмкіндіктері және олардың ықпал салдарын жою;
"электрондық үкіметтің" және барлық ілескен жобалардың жағымды беделін құру;
екінші деңгейдегі банкінің есеп шотында орналасқан халықтың және заңды тұлғалардың қаражаты есебінен "электрондық үкіметтің" шеңберінде көрсетілетін қызметтерге on-line тәртібінде ақшасыз ақы төлеудің мүмкіншілігі;
Қаржы министрлігі ұсынатын электрондық қызметтердің сапасын арттыру жөнінде шаралар кешенін әзірлеу.

Ескерту. 7-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2007.07.13. N 597 қаулысымен.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 15 желтоқсандағы N 1220 қаулысына 416-ҚОСЫМША

603 - Қазақстан Республикасы Ақпараттандыру және байланыс агенттігі

Бюджеттік бағдарламаның әкімшісі

**2007 жылға арналған**
**"Электрондық үкімет шеңберінде адами капиталды дамыту"**
**деген 116 республикалық бюджеттік бағдарламаның**
**ПАСПОРТЫ**

**1. Құны** : 1719729 мың теңге (бір миллиард жеті жүз он тоғыз миллион жеті жүз жиырма тоғыз мың теңге).

Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 2007.11.06. N 1052 Қаулысымен.

**2. Бюджеттік бағдарламаның нормативтік құқықтық негізі** : "Ақпараттандыру туралы" Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 8 мамырдағы Заңының 4-бабы ; Қазақстан Республикасы Президентінің "Қазақстан Республикасында»"электрондық үкімет" қалыптастырудың 2005-2007 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы туралы" 2004 жылғы 10 қарашадағы N 1471 Жарлығы ; Қазақстан Республикасы Үкіметінің "Қазақстан Республикасында ақпараттық теңсіздікті төмендетудің 2007-2009 жылдарға арналған бағдарламасын бекіту туралы" 2006 жылғы 13 қазандағы N 995 қаулысы .

**3. Бюджеттік бағдарламаны қаржыландыру көздері** : республикалық бюджеттің қаражаты.

**4. Бюджеттік бағдарламаның мақсаты** : Қазақстан Республикасында ақпараттық теңсіздікті төмендету.

**5. Бюджеттік бағдарламаның міндеттері** : 1) Қазақстан Республикасының 14 облыстарында, Астана, Алматы қалаларында халықты компьютерлік сауаттылыққа оқыту;

2) мониторинг жүйесін құру және бағдарламаны іске асырудың мерзімдік талдауын жүргізу;

3) мамандандырылған оқу орталықтарын құру және АТ-мамандарының біліктілігін жоғарылату;

4) интернет желісіндегі қазақстандық сегментті толықтыру мақсатында ақпараттандыру саласындағы ақпаратты-танымдық бағдарламаларды әзірлеу;

5) Қазақстан Республикасында мемлекеттік және орыс тілдерінде ақпараттық

теңсіздікті төмендету бағдарламасының іс-шараларын қоғамдық қолдауды қалыптастыру.

**6. Бюджеттік бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары** :

| N р/с | Бағдарлама коды | Кіші бағдарлама коды | Бағдарламаның (кіші бағдарламаның) атауы | Бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар | Іске асыру мерзімі | Жауапты орындаушылар |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 |
| | | | | 1. Халықты компьютерлік сауаттылыққа оқыту:<br>1) "электрондық үкімет" Web-порталында халықты компьютерлік сауаттылыққа оқыту бойынша оқу-әдістемелік құралдарды және электрондық оқулықтарды орналастыру;<br><br>2) компьютерлік сауаттылықтың күрделі деңгейлеріне және олардың басып шығарылуына сәйкес компьютерлік сауаттылықты растайтын құжат түрін әзірлеу және бекіту;<br>3) халықты компьютерлік сауаттылыққа оқыту және сертификаттау жөніндегі жұмыстарды жоспарлау, үйлестіру және бақылау, техникалық құралдарды және лицензияланған бағдарламалық қамтамасыз етуді сатып алу және бөлу, жергілікті атқарушы органдармен өзара іс-қимыл жасау;<br>4) Қазақстан аумағындағы 75 компьютер сыныптарында орталық және жергілікті атқарушы органдардың мемлекеттік қызметкерлерін оқыту үшін:<br>- техникалық құралдарды сатып алу;<br>- жергілікті есептеу желісін тарту (ЖЕЖ);<br>- техникалық жабдықтарға жүйелік-техникалық қызмет көрсету (ЖТҚ);<br>- Интернет желісіне қол жеткізу қызметтері;<br>5) Әлеуметтік бағдарламалар мен жұмыспен қамту органдарында тіркелген жұмыссыз халықты және бюджеттік ұйымдардың қызметкерлерін Қазақстанның аумағында аумағындағы 300 компьютер сыныптарында оқыту үшін:<br>- жергілікті есептеу желісі үшін жиынтықталған компьютерлік, түкпірлік құралдарды сатып алу; | | |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 116 | | Электрондық үкімет шеңберінде адами капиталды дамыту | - бағдарламалық қамтамасыз етуді сатып алу;<br>- жергілікті есептеу желісін тарту;<br>- техникалық құралдарға жүйелік-техникалық қызмет көрсету;<br>- Интернет желісіне қол жеткізу қызметтері;<br>6) Қазақстан Республикасының әскери бөлімдерде әскери қызметшілерді 68 компьютерлік сыныптарда компьютерлік сауаттылыққа оқыту үшін:<br>- жергілікті есептеу желісі үшін жиынтықталған компьютерлік түкпірлік құралдарды сатып алу;<br>- бағдарламалық қамтамасыз етуді сатып алу;<br>- жергілікті есептеу желісін тарту;<br>- техникалық құралдарға жүйелік-техникалық қызмет көрсету.<br>7) Балалар үйіндегі 69 компьютер сыныптарда оқыту үшін:<br>- жергілікті есептеу желісі үшін жиынтықталған компьютерлік түкпірлік құралдарды сатып алу;<br>- бағдарламалық қамтамасыз етуді сатып алу;<br>- жергілікті есептеу желісін тарту;<br>- техникалық құралдарға жүйелік техникалық қызмет көрсету;<br>- Интернет желісіне қол жеткізу қызметтері.<br>8) Қазақстан өңіріндегі 2000 компьютер сыныптарында бюджеттен тыс және өзге де санаттағы азаматтарды бір ай ішінде оқыту үшін:<br>- техникалық құралдарға жүйелік-техникалық қызмет көрсету;<br>- Интернет желісіне қол жеткізу қызметтері.<br>2. Мониторингі жүйесін құру және бағдарламаны іске асырудың мерзімдік талдауын жүргізу:<br>1) Халықтың компьютерлік сауаттылығының көрсеткішін әкімдердің қызметін рейтингілік бағалау жүйесіне қосу;<br>2) халықты компьютерлік сауаттылыққа оқытудың нәтижесінің талдау және оны одан әрі тиімді оқыту жөніндегі ұсынысты қалыптастыру.<br>3) Қазақстан халқының өмірінде Интернеттің маңыздылығының дәрежелері мен өлшемдерін анықтау | Жыл бойы | Қазақстан Республикасы Ақпараттандыру және байланыс агенттігі |

жөніндегі жұмыстарды жүргізу және Интернет қызметтеріндегі халықтың қызығушылығын қалыптастыру жөніндегі ұсыныстарды өңдеу;
4) Қазақстанда ақпараттық теңсіздікті төмендету бойынша іс-шараларды іске асыруға қатысу үшін жеке бизнесті тарту тетігін әзірлеу бойынша жұмыстарды жүргізу.
3. Отандық АТ-мамандарды дайындау:
1) Менеджменттер мен ақпараттық технологиялар саласында қашықтықтан және күндізгі оқытудың оқу-консалтингтік орталығын құру:
- техникалық құралдарды сатып алу;
- бағдарламалық қамтамасыз етуді сатып алу;
- қашықтықтан және күндізгі оқу үшін әдістемелік материалдарды әзірлеу;
2) ақпараттық технологиялардың қазақстандық ақпараттық-білім Интернет-университетін ұйымдастыру:
- сертификатталған электрондық курстардың бағдарламалық қамтамасыз етуін сатып алу;
- веб-сайтты әзірлеу және оның алғашқы толықтырылуы.
4. Ақпаратты-коммуникациялық технологияларды (АКТ) игеруді азаматтардың қызығушылығын қалыптастыру:
1) ақпаратты-танымдық, ақпараттық іздеу порталдарында ақпараттық ресурстардың зияткерлік іздестіру жүйесін әзірлеу және ақпараттық қамтамасыз ету;
2) ақпараттық технологиялар саласында ақпаратты-танымдық веб-порталды құру және жаңалануын қамтамасыз ету.
5. Мемлекеттік және орыс тілдерінде бағдарламаның іс-шараларының орындалуына қоғамдық қолдауды қалыптастыру:
1) Қазақстан Республикасында ақпараттық теңсіздікті төмендету жөніндегі халықаралық сарапшылардың қатысуымен бейне конференцияларды, семинарларды өткізу;
2) Қазақстан Республикасында ақпараттық теңсіздікті төмендету бағдарламасының іс-шараларын іске асыру барысында БАҚ (жарнамалық материалдар, PR-мақалалар, ТД-роликтері, презентациялық

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | фильмдер, баспаматериалдары - үндеу хаттар, плакаттар және веб-сайттар) Веб-сайттар, "дөңгелек үстел" конференциялар арқылы мемлекеттік және орыс тілдерінде жария етуді ұйымдастыру. | | |

**7. Бюджеттік бағдарламаны орындаудан күтілетін нәтижелер** : 1) Қазақстан Республикасының 14 облыстарында, Астана, Алматы қалаларында халықты компьютерлік сауаттылыққа оқыту 3% кем болмайды;
2) отандық АТ-мамандарының дайындау және біліктілігін жоғарылату үшін жағдай жасау;
3) халық үшін Интернет желісіндегі ақпараттарды ыңғайлы және сапалы іздестіру;
4) веб-портал арқылы ақпараттық технологиялар саласында жаңаланған және танымды ақпараттарды халыққа ұсыну;
5) Қазақстан Республикасында мемлекеттік және орыс тілдерінде ақпараттық теңсіздікті төмендетудің бағдарламасының іс-шараларының іске асыру барысын ірі ауқымды баяндау.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК